

Батыс Қазақстан облысы Бәйтерек ауданы Железнов ауылдық округі Железнов және Новенький ауылдарының көшелерін қайта атау туралы

Батыс Қазақстан облысы Бәйтерек ауданы Железнов ауылдық округі әкімінің 2022 жылғы 17 қаңтардағы № 1 шешімі. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 21 қаңтарда № 26607 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 14-бабының 4) тармақшасына сәйкес, Железнов және Новенький ауылдары тұрғындарының пікірін ескере отырып және Облыстық ономастика комиссиясының қорытындысы негізінде **ШЕШТІМ:**

1. Батыс Қазақстан облысы Бәйтерек ауданы Железнов ауылдық округі Железнов ауылының көшелері:

- Степная көшесін Желтоқсан көшесіне;
- Дружба көшесін Мерей көшесіне;
- Садовая көшесін Саяжай көшесіне;
- Крайняя көшесін Ақбидай көшесіне;
- Природная көшесін Көктем көшесіне қайта аталсын.

2. Батыс Қазақстан облысы Бәйтерек ауданы Железнов ауылдық округі Новенький ауылының көшелері:

- Дорожная көшесін Ақжайық көшесіне;
- Школьная көшесін Болашақ көшесіне;
- Новостройка көшесін Береке көшесіне қайта аталсын.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Железнов ауылдық округінің әкімі

Е. Сидагалиев